

Алакөл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 133 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 26 мамырда № 5528 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алакөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алакөл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Алакөл ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.С. Сатыбалдиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Әкім

А. Жаканбаев

Қаулысына қосымша 2020 жылғы 22 мамыры
№ 133

Алакөл ауданы әкімдігінің күші жойылды деп танылатын кейбір қаулыларының тізбесі

1. Алакөл ауданы әкімдігінің "Алакөл ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2013 жылғы 04 қаңтардағы № 1-2 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2296 тіркелген, 2013 жылдың 16 ақпанда № 7 "Алакөл" газетінде жарияланған);

2. Алакөл ауданы әкімдігінің "Алакөл ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" 2013 жылғы 09 желтоқсандағы № 12-377 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2533 тіркелген, 2014 жылдың 8 ақпанда № 6 "Алакөл" газетінде жарияланған);

3. Алакөл ауданы әкімдігінің "Алакөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 09 желтоқсандағы "Алакөл ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 12-377 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 22 шілдедегі № 311 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2809 тіркелген, 2014 жылдың 11 қазанда № 41 "Алакөл" газетінде жарияланған);

